

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Өксікбай Ақниет Жомартұлы

**МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕГІ ТҰРМЫСТЫҚ СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ**

«7M041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7M04107 – Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: _____ Дүсіпов Е.Ш., з.ғ.д., профессор

Жоба қорғауға жіберілді: « _____ » _____ 2022 ж.

Басқару институтының директоры _____ Акижанов К.Б., PhD, профессор

Нұр-Сұлтан, 2022

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ.....	5
ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ	7
ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ.....	15
ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ	16
ҚОРЫТЫНДЫ.....	39
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	41
ҚОСЫМШАЛАР.....	44

Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ.

«Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы.

«Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 78 бұйрығы.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңы.

«Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы.

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ Кодексі.

Белгілеулер мен қысқартулар

Агенттік	- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
АҚШ	- Америка Құрама Штаттары
ӘҚБтК	- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің
БАҚ	- Бұқаралық ақпарат құралдары
ҚР	- Қазақстан Республикасы
ҚК	- Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің
ҚРМҚТ	- «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының
ҚРБпҚСжАЕАЖК	- Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті
Тұжырымдама	- «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы
т.б.	- Тағы басқалар
т.с.с.	- Тағы сол сияқты
Ұлттық баяндама	- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндама
ХҚКО	- Халыққа қызмет көрсету орталықтары

Кіріспе

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы жұмыстар тұрақты жүргізілуде. Алайда, еліміздегі азаматтарға мемлекеттік қызмет көрсету үрдісінде тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың көріністері кездеседі.

Осы зерттеу жұмыс арқылы мемлекеттік қызмет көрсетудегі тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты алдын алу тетігін ұйымдастыру арқылы азаматтарға сапалы қызмет көрсету көзделеді. Нәтижесінде тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға болады.

Сыбайлас жемқорлықтың көріністері мемлекеттік басқару мен мемлекеттік органға деген сенімнің халық арасында төмендеуге алып келіп соғады. Тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың салдарымен немесе осы салада құқық бұзушылық жасаушы азаматтармен күресуден гөрі оның алдын алған тиімді екені дәлелденген. Ал, тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты анықтау шығыстары мен бюджетке түсуі тиісті түсімдерді айналып өту тұрғысынан карағанда өте маңызды.

Тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың көп саласын анықтау және түсіну сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді стратегияны әзірлеу үшін өте маңызды.

Жобада тұрмыстық жемқорлыққа «екі жаққа да тиімді және қолайлы» болғандықтан және тұрмыстық сыбайлас жемқорлық «өмірді жеңілдетеді, өйткені сіз сапалы және тезірек қызмет ала аласыз», - деп жүйелі сыбайластыққа әкеліп соқтырады деген тағы бір кең таралған сенімді тексеру қажеттілігі туындауда.

Мемлекеттік қызметтердің берілмеуі тиіс азаматтардың қол жеткізудегі тәуекелдер мен құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алудағы ұсыныстар.

Азаматтарға қолайлы жағдай жасауға бағытталған кері байланыс ұйымдастыру арқылы мемлекеттік органға деген сенімділікті арттыру ұсыныстарын енгізу.

Зерттеу мақсаты: Мемлекеттік қызмет көрсетудегі тұрмыстық сыбайлас жемқорлық мәселелерін анықтап, олардың алдын алу үшін ұсыныстар әзірлеу.

Жоба мақсатына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

- Мемлекеттік қызмет көрсетудегі тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың теориялық негіздерін зерттеу;
- Жинақталған ақпаратты талдау;
- Мемлекеттік қызметтердің берілмеуі тиіс азаматтардың қол жеткізудегі тәуекелдер мен құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу ұсыным.

Зерттеу сұрағы: Мемлекеттік қызмет көрсетудегі тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың алдын алу қандай нәтижеге алып келеді?

Гипотеза: Ішкі талдау механизімін енгізу мемлекеттік қызмет көрсету саласында тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға әкеледі ме?

Зерттеу нысаны: Мемлекеттік қызмет көрсетулердегі тұрмыстық сыбайлас жемқорлық.

Зерттеу пәні: Қызмет көрсету саласындағы мемлекет пен азаматтар арасындағы қатынастар.

Зерттеу әдістері: Мазмұнды талдау, сауалнама алу, салыстырмалы анализ, статистикалық анализ, сарапшымен интервью.

Күтілетін нәтижелер: Мемлекеттік қызмет көрсету саласында тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты төмендету механизімін ұйымдастыру арқылы тұрмыстық сыбайластықты азайту.

Практикалық маңыздылығы: Тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жою механизімін ұсынылған мемлекеттік органдарда қолдануда тиімділігін арттырады.

Әдебиетке шолу

Ғаламтор желісіндегі ашық дереккөздерде «сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік органдардың және мемлекеттік лауазымды атқарушы лауазымды тұлғалардың саяси қызметкерлердің парақорлығы мен өз өкілеттікерін мүдде алу үшін теріс пайдалануы немесе игіліктер алуы» деп келтірілген [1].

Сыбайлас жемқорлықты, біріншіден, мемлекет ұлттық қауіпсіздіктің күрделі проблемасы ретінде мойындайды. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық сыртқы және ішкі қауіп ретінде қарастырылады. Сыбайлас жемқорлықтың екі аспектісі анық бөлінген: саяси және экономикалық. Саяси сыбайлас жемқорлықтың дамуы елдегі саяси жағдайдың бақыланбауына әкеліп соғуы мүмкін және демократиялық институттар мен әртүрлі билік тармақтарының тепе-теңдігіне қауіп төндіреді. Экономикалық сыбайлас жемқорлық нарықтық институттар мен мемлекеттің реттеушілік қызметінің тиімділігін төмендетеді. Сыбайлас жемқорлықты шектеу жөніндегі күш-жігердің институционалды және өз ауқымында әсерлі болатынын атап өткен жөн.

Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің бүкіл массивінен сыбайлас жемқорлықтың саяси түрінің бөлінуі үш ерекше жағдайға байланысты: жемқорлық құқық бұзушылық субъектісінің мәртебесі, оның заңсыз әрекетінің бағыты (мақсаты) және уәжі, сондай-ақ оның салдарының сипаты. Сыбайлас жемқорлықтың құбылыс ретінде әлеуметтік мәнін неғұрлым нақты түсіну және оған қарсы тұрудың тиімділігін арттыру үшін саяси сыбайлас жемқорлықты талдау қажет [2].

Бұдан бөлек, сыбайлас жемқорлықты қосымша екі топқа жіктеуге болады. Олар: тұрмыстық сыбайлас жемқорлық пен іскерлік (кәсіпкерлік) жемқорлық.

Бұл саладағы тұрмыстық жемқорлық ол яғни азаматтар мен мемлекет өкілдерінің өзара қимылы. Оның басты мәні мемлекеттік функцияларды атқарушы тұлғаның сыйлықтар мен игіліктер алуы.

Тұрмыстық жемқорлықтың осы түріне непотизмді жатқызуға болады. Бұған, лауазымды атқаратын азаматтардың өкілеттіктерін теріс пайдалана отырып, туыстары мен жекжаттарына пайда алуды көздей отырып, игіліктер мен артықшылықтар беруі.

Іскерлік сыбайлас жемқорлық-мемлекеттік өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде бизнес өкілдерімен заңсыз келісімдер немесе игіліктер алуы [3].

Сыбайлас жемқорлық тұрғыда Қазақстанның дамыған 30 елдің қатарына қосылу стратегиялық жоспарына сәйкес дамыған мемлекеттермен салыстырған жөн. Бұл ретте сыбайлас жемқорлықты азаматтармен түсіну деңгейі жоғары елдерге салыстыру мен талдау әдісі арқылы шолу жүргізілді. Жобаның бағытына сәйкес АҚШ, Финляндия, Сингапур елдерінің және Ресейдің тәжірибесі қарастырылды.

АҚШ-та сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама төтенше қатыгездікпен сипатталады. Сондай-ақ, бұл мемлекетте қоғам сыбайлас жемқорлықты жұмыссыздықтан кейінгі басты мәселе ретінде қарастырады. Сондықтан да

жемқорлыққа қарсы саясат тек заңнамалық тұғыдан ғана емес, демократиялық институттарды дамыту арқылы дұрыс жолға қойылған. Онымен қоса, сот жүйесі тәуелсіз жұмыс жасап, әділетті шешім шығарады. АҚШ-ғы оң тәжірибе демократиялық институттарды құруында, жемқорлықпен күресте қоғамның белсенді қатысуында, сот жүйесінің тәуелсіздігінде [4]. Сыбайлас жемқорлықтың әр түрлері үшін-пара, кикбэкинг (мәмілеге қатысушыға заңсыз ақшаның бір бөлігін төлеу) және т. б. – пара немесе заңсыз сыйақы алғаны үшін үш есе айыппұл салудан 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылған. Азаматтар 15 жастан бастап жазаға тартылады. Американдық заңға сәйкес, шенеунік тек ресми түрде үкіметтен ғана сыйақы алуға құқығы бар. Бұл норманы жазалау бағыты бойынша айыппұл немесе 2 жылға дейін бас бостандығынан айырады [5].

Финляндияның Қылмыстық кодексінде сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін 2 жылдан бас бостығын айыру немесе 2 айдан 4 жылға дейінгі мерзімде белгілі бір қызметпен айналысуға ауырлататын жағдайлар болған кезде). Олар келесідей тағайындалады қылмыс құрамы: мемлекеттік лауазымды тұлғаның алуы пара беру немесе оны беруге мәжбүрлеу, сондай-ақ пара берудің өзі; лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану; қызметтік жалғандық; дәлелдемелерді бұрмалау; жалған айғақтар беру үшін пара алу немесе ресми мәтінді дұрыс аудармау және т. б. [6].

Сингапурдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты да назар аударуға тұрарлық. Оның орталық буын тұрақты жұмыс істейтін мамандандырылған ұйым болып табылады. Уәкілетті орган – сыбайлас жемқорлық жағдайларын тергеу бюросы, саяси және функционалдық дербестікке ие. Бұл тәуелсіз орган сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға тырысады ел экономикасының мемлекеттік және жеке меншік секторы.

Бюро мемлекеттік шенеуніктерді теріс пайдалану фактілерін тексереді және тәртіптік жаза қолдану үшін олар туралы тиісті органдарға хабарлайды. Әдістерін зерделейді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа ықтимал бейім адамдардың жұмыс әдістерін зерделейді [7].

Соңғы уақытта тұрмыстық сыбайлас жемқорлық қауіпі туралы сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне қарсы бағытталған құжаттарда, ел басшыларының сөйлеген сөздерінде жиі айтылып жүр. Мысалға, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасында» күнделікті өмірде азаматтар мен кәсіпкерлердің мемлекеттік органдар мен ұйымдар өкілдерімен өзара іс-қимылына байланысты тұрмыстық сыбайлас жемқорлық көптеген салаларда сақталады» делінген [8].

Тұрмыстық жемқорлықтың басты ерекшелігі - оның салыстырмалы таралуы. Пара сомаларының басым көпшілігі аз болуы себепті азаматтардың оны пара ретінде қабылдау дәрежесі төмен.

Зерттеу тақырыбына сәйкес тұрмыстық сыбайлас жемқорлыққа келесі мағынасы толық көрсетілген түсінікті қалыптастырғым келіп отыр.

Көршілес елдің құжаттарында, «Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық» - карапайым азаматтар мен мемлекеттік қызметкерлердің өзара әрекеттесу нәтижесінде пайда болатын сыбайлас жемқорлық көрінісі ретінде анықталған. Аталған сыбайлас жемқорлық түріне лауазымды тұлғаның және оның отбасы мүшелерінің азаматтардан түрлі сыйлықтар мен қызметтерді қоса алғанда материалды немесе материалды емес игіліктер пайдалану жатқызылады

Бұл санатқа жекжаттық (непотизм (кумовство) жатады [9].

Зерттеу жұмысының өзектілігі кең ауқымды таралу ауқымына және тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты зерделеудің әлсіз дәрежесіне байланысты.

Әрине, сыбайлас жемқорлық Тек біздің мемлекетімізде ғана емес, бүкіл әлемде бар, бірақ бізде тұрмыстық сыбайлас жемқорлық деп аталатын ерекше дамыған. Сыбайлас жемқорлықтың бұл түрі қандай? Көп жағдайда бұл «сыйлықтар» деп аталады, олар шенеунікке, дәрігерге, мұғалімге алғыс білдіреді. Бір қарағанда, моральдық тұрғыдан төмен ештеңе жоқ, бірақ күнделікті сыбайлас жемқорлық құбылысының мәнін түсініп, оның қоғамға зияны айқын болады. Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық сыбайлас жемқорлықты түгелдей қамтымайды, сондықтан «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңда қамтылған анықтамаға жатпайды.

Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық күнделікті өзара әрекеттесу саласын қамтиды, яғни азаматтар мен билік (денсаулық сақтау, білім беру, сот ісін жүргізу, қызмет көрсету, жеке қауіпсіздік және т.б.).

Демократиялық мемлекет құруға бағытталған саясатқа сәйкес, мемлекеттік аппарат құру, оның қызметінің қайта жаңғыртуды және мемлекет тәуелсіздік алғаннан бері елдің қоғамдық-саяси өмірінде мемлекеттік қызметтер саласы институтының пайда болуына алып келді.

Мемлекет әрдайым мемлекеттік қызметтер көрсететіні анық. Алайда, аталған қызметтерді жүзеге асыруда демократиялық тұғырға өту үшін мүмкіндік береді [10].

Жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясат демократиялық моделге жету жолы екенін растауға болады.

Атап айтар болсақ, Қазақстан Республикасы 2010 – 2020 жылдардағы Құқықтық саясат тұжырымдасында әкімшілік құқық саласының билік қатынастарын реттеу шараларымен шектелмейтіндігі көрсетілген. Аталған Тұжырымдамада мемлекеттік қызметтер көрсету бағытындағы қатынастарды реттейтін қызметшілер мен мемлекеттік органдарға әкімшілік құқықтың жаңа институтының пайда болатындығы келтірілген [11].

Бұл орайда мемлекеттік қызмет көрсетуді сапалы және қолжетімді ету азаматтардың сұраныстарына сай болуы маңызды. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтер көрсету саласын дамыту бойынша іске асырылып жатқан саясат қызмет көрсету сапасын жоғарылатудағы шешімдермен шектелмейді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мемлекеттік органның, оның ішінде мемлекеттік аппараттың басты функцияларының ажырамас бөлігі. Азаматтармен көп қарым-қатынас орнатылу себепті сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдері өте жоғары болып есептеледі.

Қызмет көрсетушілер және мемлекеттік қызметтер алушы тұлғалар, яғни қоғам мүшелері, кәсіпкерлер және басқа қызмет алушы субъектілер арасында тікелей қарым-қатынас пайда болады. Нәтижесінде, мемлекеттік органдардың қызмет көрсету барысында монополиялық тәуелділікке иеленуші ретінде айқындалады. Осы ретте, мемлекеттік қызметтер көрсетуде сыбайлас жемқорлық көріністерінің болуы ықтималдығы бар. Мемлекеттік орган сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаларында мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінің маңыздылығы осылай сипатталады. Еліміздегі салалық бағдарламада рәсімдерді «электрондық» нысанға ауыстыру негізгі міндет ретінде қойылған [12].

Қазақстандағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стратегиясында мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін автоматтандырумен қатар «бір терезе» қағидасына ауысу міндеті көзделген [13].

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оған алып келетін жағдайларды болдырмау, салдарларымен күресу мемлекеттік басқарудың басты бағытының бірі болды. Міне осыған байланысты, мемлекеттік қызмет көрсету және оны іске асыру жүйесін қайта қарауға іс-шаралар қабылданды.

Осы жұмыстың нәтижесінде, азаматтар мен ұйымдардан түскен өтініштерді қарауда мемлекеттік органдардың іс-қимыл әрекеттері қатаң және бірегей емес құрылым жүйесінен өзгерді.

Өз кезегінде бұл Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында алғаш рет мемлекеттік қызметтерді жүйелендірумен бірге тізілімін қалыптастыру бойынша берілген тапсырмасына негізделеді [14].

2007 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №561 Қаулысымен, құрамында 132 мемлекеттік қызмет көрсетуден тұратын қызметтер еніп тізілім жасақталды [15].

Әртүрлі жылдары Үкімет қаулыларына сәйкес аталған тізілімге жекелеген толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Бүгінгі таңда, тізілімде 500-ден аса мемлекеттік қызметтер енгізілді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімі туралы қағидасының талаптарына сәйкес, «Уәкілетті орган қажет жағдайда жыл сайын, 1 шілдеден және 1 желтоқсаннан кешіктірмей тізілімге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді көздейтін қаулы жобасын дайындайды және Үкімет қарауына енгізеді». Сонымен қатар тізілімді әзірлеу, түгендеу, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсетулердің орталық және жергілікті атқарушы органдардың тарапынан бар-жоқтығына нормативтік актілерді жасақтау арқылы мемлекеттік органдардың функцияларына талдау жүргізу арқылы жүзеге асты [16].

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді түгендеу және мемлекеттік органдардың қызметіне талдау жүргізудің негізгі мақсаты жеке мүдделерге

қатысты мемлекеттік органның функциялардың мақсатын жеке мақсатта пайдалануға негізделген қарсылықтар пайда болды [17].

Бұл басқа да өзгерістермен бірге, қызметтерді автоматтандыру, стандарттау, регламенттеу, мемлекеттік қызмет көрсету сапасына баға беру арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қолдануға мүмкіндік берді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру кең көлемді реформаларды іске асыруға негіз болған құжат 2014 жылғы 19 наурыздағы сол кездегі Ел президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Бәсекеге қабілетті Қазақстан, бәсекеге қабілетті экономика, бәсекеге қабілетті ұлт» атты Жолдауынан бастау алды [18].

Құжатта Елбасы «электрондық үкімет» құру міндетті баса назарға ала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытынан оның маңызды екенінн ерекше атап өтті. Жолдауда: «Ол халық пен мемлекеттік органдар арасындағы сыбайлас жемқорлықты азайтуға мүмкіндік береді, мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімін азайтып, сапасын арттырады» делінген. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау тұрғысынан автоматтандыру процесінің оң нәтиже беретіні жөніндегі ғылыми әдебиеттерде көптеп кездеседі.

Мысалы, В.В.Солодов келесі ойды тұжырымдайды «электрондық үкіметті енгізу мемлекеттік қызмет көрсетулерді тұтынушылар мен шенеуніктердің арасындағы қарым - қатынастарды өзгертуге ықпал етеді: мемлекеттік қызмет көрсетулер стандартталған, белгілі бір тұлғаларға қатысты емес сипатқа ие болады, ал бұл сыбайлас жемқорлық тетіктерін қолдануды төмендетеді» [19].

Мемлекеттік қызмет көрсетулерде «ашықтық» қағидаларын қалыптастыруда автоматтандыру ерекше рөлге ие, өйткені мемлекеттік көрсетілетін қызметтерде қызмет алушылардың қызметтерді алу кезіндегі қызмет көрсетушілердің қанағаттандыру немесе бас тартуға не себеп болғанын бақылауға мүмкіндігі пайда болады.

М.О. Изотовтың пікірінше мемлекеттік қызмет көрсетуші мемлекеттік органдардағы ақпараттың ашықтығы және олардың азаматтар мен қызмет алушылар үшін «айқындығы» негізінде іс-шаралар қабылдау мемлекеттік қызметкерлердің құқықа қайшы әрекеттерін төмендетуге және азаматтардың қоғамдық бақылауға қатысуын арттыруға мүмкіндік бере отырып, билік пен азаматтар арасындағы қатынастар оң өзгеруіне алып келуі тиіс [20].

Қазақстанда шартты түрде 2 кезеңнен тұратын оңтайландыру және автоматтандыруға бағытталған іс-шараларды болады. Бірінші, құқықтық, ұйымдастырушылық және технологиялық мәселелер алға қойылды. Бұл бағыттағы шаралар «электрондық үкімет» құруға бағытталған болатын. Елімізде 2008-2010 жылдар аралығында «электрондық үкіметті» дамытудың бағдарламасынегізінде электрондық үкімет деген жаңа термин пайда болып, құрылды. Ең алдымен бағдарламада азаматтардың күнделікті өміріне және мемлекет қызметтің барлық салаларында қамтылып, түрлі қызметтердің дамытуына, сонымен бірге әкімшілік процестерді қайта қарауға нақты

бағытталды. Осы кезеңде, «е-лицензиялау» деректер базасы, «е-үкімет» бірыңғай төлемдік шлюзі, «е-нотариат» нотариалдық жүйелер енгізіле отырып, халыққа электрондық цифырлық қолтаңбалар беріле бастады [21].

Бірінші кезең барысында мемлекеттік қызмет көрсету процестерінде оңтайландырылған автоматтандыруға сәйкес құқықтық қамтамасыз ету жолға қойылды. Бұған қоса, ұйымдастырушылық пен технологиялық мәселеледе назардан тыс қалған жоқ. Осы орайда, мемлекеттік қызмет көрсету процесінде оңтайландыру және автоматтандыруға негізделген заңдар пайда болды. Біріккен ұлттар ұйымының жыл сайынғы есептерінде Қазақстанның мемлекеттік қызмет көрсетулерді автоматтандыру саласының жетістіктері көрініс табады. Қазақстан «е-қатысу» көрсеткіші негізінде әлемдік көрсеткіш бойынша Сингапурмен бірге екінші орынға тұрақтап тұр. Онда билік органдарға электронды нысанда жүгіну мүмкіншілігіне баға беріледі [22].

Бұдан бөлек, сыбайлас жемқорлыққа қарсы 2015-2025 жылдарға арналған стратегияда берілген талдау нәтижесіне сәйкес «қызмет көрсетулер үлесі (екі еседен аса) жоғарылады» деп көрсетілген [23].

Мемлекеттік қызметтер көрсетудегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қатарында регламенттеу мен сатандарттау қадамдарын жатқызамыз, себебі онда қойылатын талаптар негізделіп көрсетілгендіктен процестердің айқындығы мен мерзімдері белгіленді. Регламенттеу мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде өзара байланыстарды реттеудегі маңызды тетік бола отырып, стандарттау процесінің логикалық жалғасы.

Бүгінгі таңда, мемлекеттік қызмет көрсетуде басты сыбайлас жемқорлық көріністерін алдын алуға бағытталған шара ретінде стандарттар мен регламенттер үздік құрал екендігін дәлелдеді. Сапалық және сандық көрсеткіш негізінде регламенттелмеген мемлекеттік қызмет көрсетулер бақылауды қиындата отырып, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол ашады – деп есептейді Е.Мамытбеков [24].

Мемлекеттік қызметтер көрсетудегі процестерді стандарттау ең алғаш 2005 жылда пайда болды. Ондағы негізгі талаптар мен критерилер Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының №502 бұйрығымен бекітілген болатын [25].

Негізінде атқарылған шаралар нәтижесі төмен көрсеткіштер көрсетті. Ал, екі жыл өткен соң Елбасы Қазақстан халқына жасаған «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауында «көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді стандарттарды енгізу мен тізілімін бекітуді тапсырған» болатын [26].

Қазақстандағы мемлекеттік қызмет көрсетуді стандарттауды қалптастыру негізгі 3 кезеңнен тұрды. Әрбір кезең стандарттаудың өзіндік үлгілерімен бекітіліп дайындаушыларда өзгеріп отырды. Атап айтар болсақ 1 кезеңде мемлекеттік қызметтерді көрсетуші мемлекеттік органдармен және орталық атқарушы органдармен дербес жүргізілген болатын.

Мұндай шешім қабылдану себебі мемлекеттік қызмет көрсетуде құжаттарды қабылдау және өтінішке тиісті жауап беруге қатысты мәселерді

білетін жергілікті органдар болатын. Алайда, мемлекеттік қызмет стандарттары ойдағыдай жеңіл әрі ыңғайлы болмады. Осы себепті, мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары қалыптасу кезінде сынға ұшырай бастады [27].

Нитижесінде келесі түйінді ой қалыптасты, кең таралған пікір бойынша да мемлекеттік органдардың қажеттілігі халықтың қажеттілігінен жоғары тұрып, «тапсырманы орындау үшін стандарттар құру», яғни ресми түрде рәсімделе бастады [28].

Осыған байланысты, Стандарттау мен регламенттеудің біркелкі жаңа тәртібін құру үшін 2013 жылы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы қабылданды [29].

Осы кезеңде мемлекеттік қызметтерді тұтынушылардың пікірлері ескеріліп, ашық қоғамдық талқылау тетігі қалыптасты. Бұл қадамдар Сыбайлас жемқорлық стратегиясының міндеттеріне сай келеді.

Күнделікті сыбайлас жемқорлықты нашар білу, қазіргі әлеуметтануда проблеманы анық бағаламау болып табылады. Көптеген жылдар бойы әлеуметтанушылар жоғарғы және іскерлік сыбайлас жемқорлықты талдауға басты назар аударды, ал тұрмыстық сыбайлас жемқорлық ғылыми зерттеулердің артында қала берді. Г. А. Сатаровтың айқын ескертуі бойынша, ол әлі күнге дейін Орыс әлеуметтік ғылымында «ұмытылған Золушка» болып қалады [30]. Сонымен қатар, тұрмыстық сыбайлас жемқорлық іскерлік және әкімшілік сипатқа ие болып қала береді, сөйтіп халықтың көп бөлігін қамтиды. Тұрмыстық жемқорлықты жоймай, үлкен жемқорлықты жеңу мүмкін емес. Сондықтан оны зерттеу қазіргі әлеуметтану ғылымын зерттеудің басым бағыты болуы керек

Сыбайлас жемқорлық - құқық қорғау органдарын қылмыстарды анықтау тетіктерін үнемі жетілдіруге мәжбүрлейтін маңызды проблемалардың бірі болып табылады. Соның бірі, тұрмыстық сыбайлас жемқорлық белгілері:

– ақша, бағалы заттар, өзге де мүлік сипаттағы қызметтер, өзіне болмасы үшінші тұлғаларға құқықтар түрінде пайда немесе артықшылықтар беру мақсатында өзінің лауазымдықне қызметтік жағдайын мемлекетпен қоғамның заңды мүдделеріне кереғар пайдалануы, заңсыз пайданы емденуі;

– лауазымды заңсыз пайдалану тұрмыстық сыбайлас жемқорлық, жеткіліксіз зерттелген. Ең алдымен, бұл құбылыс туралы нақты түсінік қажет [31].

Қазіргі ресейлік зерттеушілердің жұмысындағы күнделікті сыбайлас жемқорлық көріністерінің төменгі деңгейі, әкімшілік сыбайлас жемқорлық, ұсақ парақорлық деп түсініледі.

Қазіргі Ресейде кішігірім сыбайлас жемқорлық азаматтар мен мемлекеттің заңды мүдделеріне қайшы келетін адамдар көп кездеседі, олар күнделікті қарым-қатынас процесінде күнделікті мәселелерді шешуде азаматтарға қатысты жасалады. Адамдарды жүйелі түрде сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға не итермелейді? Ынталандыру туралы көптеген нұсқалар ұсынылған, олардың ішінде мыналарды атап өтуге болады:

– лауазымды тұлғалардың жалақысы төмен;

- олардың іс-әрекеттерін бақылау тетіктерінің болмауы;
- орындаушылардың құзыреттілігінің жеткіліксіздігі;
- заңның әлсіздігі;
- ортада қалыптасқан жүйе [32].

Сыбайлас жемқорлық тауар-ақша қатынастары жағдайында өмір сүретін қоғамға және мемлекеттік жүйенің тиімсіз жұмысының түзету тәсілі бола отырып, бюрократиядан зардап шеккен мемлекетке объективті түрде тән қылмыс пен азғындық түрі ретінде: «сыбайлас жемқорлық-барлық дәуір мен халықтардың кез-келген мемлекеттік аппаратының созылмалы және емделмейтін ауруы» айтылады [33].

Орыс ғылыми әдебиеттерінде Ресей қоғамындағы осы әлеуметтік құбылысты талдауға арналған жұмыстар әлі де жеткіліксіз. Қоғам мен мемлекет өмірінің көптеген салаларындағы сыбайлас жемқорлық үйреншікті және үйреншікті құбылысқа айналды.

Осыған байланысты күнделікті сыбайлас жемқорлықтың Ресей қоғамына әсері туралы пікірталас бар.

Ресейдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоспарында алғаш 2010-2011 жылдарда «Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық» термині заңды түрде айтылды, онда Ресей Президенті федералды округтердегі Ресей Президентінің өкілетті өкілдерін Ресей Федерациясының мемлекеттік органдары қабылдаған жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларын талдауға міндетті.

Бұдан әрі бұл термин 2016-2017 жылдарға сыбайластыққа қарсы ұлттық жоспарында да өз қолданысын тапты, онда РФ Бас прокуратурасына сыбайлас жемқорлықты және оны тұрмыстық сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету үшін қолдану практикасын зерттеу қойылды. Тұрмыстық қатынастардың ерекшелігі-олар басқа, тұрмыстық емес салаларда пайда болатын қатынастармен байланысты, тиісті көлеңкеге ие болады. Қоғам дамыған сайын ішкі қатынастар өзгереді, өмір үйлесімді тұлғаның дамуында маңызды рөл атқарады. Бірақ егер адам өзінің дамуының басынан бастап үнемі осы Сыбайлас жемқорлық қысымымен қоршалған болса, онда ол қарапайым болып, оның өмірінің қарапайым процесі ретінде бекітіледі [34].

Зерттеу әдістері

Мазмұнды талдау, сауалнама алу, салыстырмалы анализ, статистикалық анализ, сарапшымен интервью.

Магистрлік жобаны зерттеу барысында зерттеу сұрағын ашу мақсатында келесідей әдістер қолданылды.

Сауалнама алу – әдісін пайдалану арқылы Қазақстандағы тұрмыстық сыбайлас жемқорлық көріністері мен азаматтардың қабылдау деңгейі анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысымда 2 бөлікті сауалнама өткізу қажеттілігі туындағанын айта кету қажет. Атап айтқанда, қағаз және электрондық үлгіде.


Салыстырмала анализ әдісі – арқылы шет елдердің тәжірибесі мен норма шығарушылық бағытындағы құжаттарын қарау арқылы Қазақстандағы жағдаймен салыстыру арқылы ақпараттарды талдадым. Талдау барысында шет ел тәжірибесінің енгізілуі мен оның еліміздің қолданылуы деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Статистикалық анализ әдісі арқылы – қазақстандағы сыбайлас жемқорлық саласындағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың көлемі бойынша талдау жасалып, сыбайлас жемқорлық динамикасы бойынша ақпараттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.


Сарапшымен интервью – сыбайлас жемқорлықты алдын алу бағытындағы және мемлекеттік қызмет көрсету аласында қызмет атқаратын сарапшылардың ұсыныстарын жинақтау және ой қорту.

Талдау және зерттеу нәтижелері

Қазақстан бойынша статистикалық ақпарат:



1-сурет – Сыбайлас жемқорлық қылмыстың динамикасы
Ескертпе - [31] дереккөз негізінде автормен дайындалды.



2 – сурет – Ең көп таралған сыбайлас жемқорлық қылмыстар

Ескертпе - бұл сурет автормен [31] дереккөз негізінде автормен дайындалды.

Елімізде сыбайлас жемқорлық санатындағы құқық бұзушылық жасағандары үшін 2021 жылы 892 адам сотталды (2020 жылы – 1 021), олардың ішінде: ішкі істер органдарының – 207 (254), әкімдіктердің және олардың құрылымдық бөлімшелерінің – 150 (211), оның ішінде әкімдер – 5 (19), қаржы министрлігінің – 34 (67), ауыл шаруашылығы министрлігінің – 19 (18), денсаулық сақтау министрлігінің – 16 (5), ұлттық қауіпсіздік органдарының –

10 (5), экономикалық тергеу қызметінің – 4 (7), прокуратураның – 3 (6) қызметшілері, судьялар – 3 (5) бар.

Сыбайлас жемқорлық қылмыс құрылымында парақорлықтың үлесі жылдан–жылға өсуде (*пара алу және беру, парақорлыққа делдал болу*). 2015 жылы бұл әрбір үшінші қылмыс болса (2 733 жылғы 895), 2021 жылы – 67%-дан астам (1 557 жылғы 1 053). Бұл мемлекеттік аппараттың бюрократиямен және күрделі рәсімдермен байланысты жұмысында қауіпті аймақтардың бар екендігі туралы белгі беру.

Жалпы статистиканың төмендеуіне қарамастан, аса ауыр санаттағы қылмыстардың (10%-ға), ұсталғандардың (10%-ға, 216-дан 235-ке дейін), тұтқындалғандардың (13%-ға, 197-ден 223-ке дейін) және бас бостандығынан айыруға сотталғандардың (7%-ға, 269-дан 289-ға дейін) саны өсті.

Азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау жөніндегі реформалардың арқасында, ақтайтын негіздер бойынша қысқартылған сыбайлас жемқорлық қылмыстық істердің үлесі 2021 жылы 30%-ға (1576-дан 1096-ға дейін) төмендеді.

2019 жылы пара алу бойынша 649 қылмыс тіркелген болса 2020 жылы 568 қылмыс тіркеліп 12,5 пайызға төмендеген. Ал, пара беру бойынша 2019 жылы 440 дерек тіркелген болса 2020 жылда 624 қылмыс тіркеліп сәйкесінше 41,8 пайызға артқан. Сеніп тапсырылған мүлікті талан таражға салу немесе иемдену бойынша 2016 жылы 243 қылмыс тіркелсе 2020 жылы 10,3 пайызға артып, 268 қылмысты құраған.

2020 жылдың қорытындысы бойынша Республика көлемінде 317 сервистік әкімдік, 2,3 мыңнан астам фронт-офис және open space, 2 мыңға жуық өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы ашылып, 5 мыңға жуық басшы қызметті атқарушы қызметкерлер азаматтарды қабылдауға қолайлы ғимараттарының бірінші қабаттарына орналастырылған.

Зерттеу жұмысының тұрмыстық сыбайластық бағытын қарайтын болсақ, анықтау мен алдын алу бағытындағы шараларды жүргізу қиын. Себебі, азаматтар өзіне артықшылықтар алу кезінде бұзылған құқықтарын қалпына келтіруші арыздануы немесе құзырлы органдардың дәлелдеу материалдары аз болады.

Ал, мемлекеттік қызмет көрсетуге келер болсақ, ондағы қызмет көрсетулер санының көп болуына және белгіленген стандарттарды айналып өту жолдарын анықтау қиын. Себебі, нормативтік құқықтық базаның жасақталуында кей анықтамалар қажеттілігі немесе қажетсіздігі көрсетілмеген.

Бұдан бөлек, мемлекеттік қызмет көрсетуде туыстық пен таныстық, қызметтің бағыныстылығы мен қызметкерге әсер ететін сыртқы факторлар әсерін төмендету бойынша нақты нұсқаулықтың жоқтығы.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бақылау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес салаларында халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытуда.

Бұдан бөлек, сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендету бағытында озық шетелдік тәжірибелер көрсеткендей қоғамдық бақылауды күшейтуге мән беріліп, сервистік жүйеге ауысу бастамалары көтерілді. Осылардың негізінде саяси партиялар мен «Адалдық алаңы» жобалық кеңселері арқылы тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың деңгейін анықтау мен олардың жолын кесу бағытында біршама жұмыстар атқарылды. Еліміздің 17 өңірінде арнайы кеңселер ашылып, «адал жол», «адал білім» акциялары өткізілді. Алайда, аталған акциялар бір реттік немесе бір жылдық бағытта болып, нормативтік құқықтық актілерде бекітілмеген тексерулер болып есептеліп, тек азаматтық бастамалар негізінде қалды.

Мемлекеттік функцияны атақаратын мемлекеттік қызметшілерге және құқық қорғау органдарының қызметкерлері сыбайлас жемқорлық фактілерімен сотталған жағдайда шартты түрде босату және мерзімінен бұрын босату бойынша шектеулер енгізіліп, бірінші басшының жауапкершілігі қатаңдатылды.


Мемлекеттік саяси немесе резонанстық жайттар бойынша сыбайлас жемқорлық жасаған қызметшілер халық арасында қызу талқылауға түсіп әлеуметтік желілерде таралып азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімін азайтуда. Ал, бұл өз кезегінде жаңа қылмыстық фактілердің болуына алыпкелуі мүмкін. Себебі, азаматтар өзіне артықшылықтар алу мақсатында пара беруді жөн деп санауы мүмкін.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге келер болсақ, өкілетті органмен яғни, Агенттік және оның департаменттерімен мемлекеттік қызмет көрсету саласында 2021 жылдың 12 айында 24 мыңнан астам (24 887) бұзушылықты анықтады. Олардың ішінде: орталық мемлекеттік органдар бойынша – 14 179, жергілікті атқарушы органдарда – 10 708 бұзушылық тіркелген.

Бұзушылықтардың басым бөлігі 42,8% (10 654) көрсету мерзімдерін бұзу және 37,7% (9 386) мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерін бұзу түрінде жол беріледі.

Анықтама ретінде: артық құжаттарды талап ету – 1 426 факт (5,2%), құжаттар топтамасы толық болмаған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету – 1 009 факт (4,1%), Мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту – 729 факт (2,9%), өзге мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы заңнаманы бұзу – 1 683 факт (6,8%). Талдау барысында мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты аумақтық департаменттермен 1 сыбайлас жемқорлық көрінісі орын алған. Алайда, оны ары қарай талдау мен ауқымын анықтау функционалдық шектеулер мен нормалық кедергілер бар екенін ескеру қажет.

Transparency International-дың халықаралық көрсеткішінде Қазақстан 2020 жылдың қортындысы бойынша индексте 38 балл жинады, бұл 180 елдің арасында 94-орын иеленді деген сөз.



3 – сурет – Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықты түйсіну индексі
Ескертпе - [30] дереккөз негізінде автормен дайындалды.

Орталық Азия және Шығыс Еуропа өңірінде (орташа балл – 36 құрайды) Қазақстанның көрсеткіші Сербиямен бірдей болып отыр, яғни – 38 балл.

ҚРБпҚСЖАЕАЖК-нің деректеріне сәйкес, өткен жылдың он айында сыбайлас жемқорлықты бұзу бюджетке 4,38 млрд теңге, биыл – 6,2 млрд теңге болып отыр. 2 млрд теңгеге жуық өсім шенеуніктердің өздерінің лауазымдық өкілеттіктерінен асыра пайдаланына байланысты болды. Осы сомамен салыстырғанда, парақорлықтан келген залал қарапайым көрінеді-шамамен 1,5 млрд теңге.

Жалпы зиян сомасынан құқық бұзушылардан 75% немесе 6,96 млрд теңге тәркіленді немесе өз еркімен қайтарылды.

Осы жылдың қаңтар-қазан айларында құқық қорғау органдарының қызметкерлері 1 482 сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты тіркеді.

Олардың үштен бірі (512) – пара беру, сәл азы (413) – пара алу. Өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштермен салыстырғанда тергеуге белгілі болған осындай қылмыстардың саны 36% - ға азайды.

Қызмет бабын пайдалана отырып сыбайлас жемқорлық бабы бойынша қылмыстық істердің саны (147) (53% - ға) біршама азайды.

Халық тарапынан сыбайлас жемқорлық қылмыстар жиі жасалатын: жалдамалы жұмысшылар, автокөлік құралдарының жүргізушілері, жұмыссыздар, кәсіпкерлер және компаниялар (ЖШС, АҚ) директорлары.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстарынан басқа, Transparency Kazakhstan сарапшылары мемлекеттік қызметшілер жасайтын басқа да бұзушылықтар мен қылмыстарды зерттеді. Бұл үшін сайтта жарияланған қылмыстар бойынша статистикалық деректердің жалпы массивінен Qamkor.kz мемлекеттік қызметшілер, билік және басқару қызметкерлері жасаған қылмыстар бойынша деректер түсірілді.

Мемлекеттік қызметшілердің 35%-ы сыбайлас жемқорлыққа қатысты. 2018 жылғы деректермен салыстырғанда мемлекеттік қызметшілер қылмыстарының жалпы ауқымында сыбайлас жемқорлық қылмыстар серпінінің 45-49%-дан 34,9-38,4% — ға дейін төмендегені байқалады.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық қылмыстар-мемлекеттік қызметшілер жол берген бұзушылықтар тізбесінде ең көп таралған.

Екінші орында меншікке, денсаулыққа, көлік саласындағы бұзушылықтарға, сондай-ақ басқа азаматтардың жеке басына, бостандықтары мен құқықтарына қарсы құқық бұзушылықтар. Жалпы, мемлекеттік сала қызметкерлері жасаған қылмыстардың төмендеу үрдісі байқалады. Тәртіп бұзушылардың үштігін ішкі істер органдарының қызметкерлері, әкімдер мен әскери қызметшілер бастап тұр.

Сондай-ақ зерттеу шеңберінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарынан зардап шеккен азаматтар бойынша деректерді қорыту жүргізілді. Жыл сайын сыбайлас жемқорлықтан зардап шеккендердің үштен бірі әйелдерге тиесілі: 2019 жылы – 39, 2020 жылы – 49 және 2021 жылы-30.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарынан зардап шеккендердің негізгі үлесі жастар мен орта жастағы адамдарға тиесілі: 27,6% — 21-29 жас аралығында және 43% — 30-39 жас аралығында.

Зерттеуді Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының динамикасын талдау аяқтайды. Ресми статистикалық деректерге сәйкес соңғы үш жылда сыбайлас жемқорлық саласындағы қылмыстардың үлесі төмендеп келеді. Бұл елдегі қылмыстың барлық түрлерін азайту бойынша жалпы трендті көрсетеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар баптары бойынша мынадай үрдістерді байқауға болады: Пара беру, қызмет бойынша әрекетсіздік және немқұрайлылық саны өсуде; Қызметтік жалғандық, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалану мен асыра пайдалану, кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу, пара алу және парақорлыққа делдал болу саны азаюда;

Сотқа дейін жеткізілген қылмыстар бойынша статистиканы талдау істерді пысықтау сапасының жалпы жақсару үрдісін көрсетті. Құқық қорғау органдарының сотқа жеткізілген істері бойынша өсім іс жүзінде 10% — ды (20% — дан 30% — ға дейін) құрады. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша сотқа жеткізілген істердің арақатынасы соңғы үш жылда 75% — дан 62% — ға дейін төмендеді.

Сыбайлас жемқорлық баптары бойынша сотқа немқұрайлылық бойынша қозғалған істер 5 есе аз, қызмет бойынша әрекетсіздік және билікті немесе лауазымды өкілеттікті асыра пайдалану бойынша істер 4 есе аз екенін атап өтуге болады. Айта кету керек, қылмыстың бұл санаттары өздері дәлелдеуге қиын. Сотқа парақорлық бойынша делдалдық арқылы жеткізілген істер үлесінің арақатынасы өскені байқалады.

Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарынан келген залал 2019 жылы жалпы залалдың ең көп үлесін-5% құрады. 2020 жылы оның үлесі 2,9% -ға дейін төмендеді, ал 2021 жылы-4,4% -ға дейін өсті.

Сыбайлас жемқорлықтан келетін залалға ең көп үлес қосатын келесі қылмыстар: лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану, немқұрайлылық және 2021 жылдан бастап – пара алу. Бір қызығы, сыбайлас жемқорлықтың ең «қымбат» түрлері сотқа жеткізілген істердің пайызы төмен істердің қатарына кіреді.

Ең көп залал мемлекеттің, жеке тұлғалардың мүдделеріне, ең соңында – заңды тұлғаларға келтірілген. Бұл ретте мемлекетке және компанияларға сыбайлас жемқорлық қылмыстар «қымбатырақ» бола бастады, Халық бойынша сыбайлас жемқорлықтан келтірілген залал төмендеу үрдісіне ие.

Кесте 1 – Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінен келтірілген шығындар

Зиян	2019 (мың. теңге)	2020 (мың. теңге)	2021 (мың. теңге)
Жеке тұлғаларға	5 435 883,348	2 496 461,447	868 995,213
Мемлекетке	9 679 841,606	16 443 140,35	10 720 504,81
Заңды тұлғаларға	707 721,724	887 569,021	398 261,28
Ескертпе – [31] дереккөз негізінде автормен дайындалды.			

Сотқа дейінгі тексеру сатысында сыбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша залалды өтеу жоғары деңгейде - 2020 жылы 93% және 2021 жылғы 11 айдың қорытындысы бойынша 84%.

Жәбірленушілер бойынша бөлігінде бастапқы тергеп-тексеру сатысында залалдың ең көп пайызы мемлекетке және заңды тұлғаларға қайтарылды. Жеке тұлғаларға қатысты сыбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша залалды өтеу 2019 жылы ғана ең жоғары болды – 91%, 2020 жылы – 79% — ға дейін, 2021 жылы-65% — ға дейін төмендеді.

Осылайша, статистикалық талдау сыбайлас жемқорлық көріністерінің заңдылықтарын бақылауға, биліктің сыбайлас жемқорлықтың теріс салдарын жою жөніндегі күш-жігерін бағалауға мүмкіндік береді.

Ал, мемлекеттік қызмет көрсетуге келер болсақ, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық баяндамада келтірілген ақпараттарға сәйкес 2021 жылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне 145 сыртқы талдау жүргізілді, оның қорытындысы бойынша мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілеріне 2 628 ұсыным енгізілген .

Орындалған ұсынымдардың үлесі 80,5%-ды құраған (*жоспар – 79,0%*). Алдын алу саласындағы құралдарын күшейту мақсатында, бизнес-орта, азаматтық қоғам, мемлекеттік органдардың мамандарын кеңінен тарта отырып, проблемалық мәселелерді жан-жақты талдауға бағытталған интеграцияланған талдамалауды енгізу басталды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Агенттік ауыл шаруашылығын субсидиялау саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне кешенді талдау жүргізді.

Бизнес-процестерде және субсидиялау жүйесін нормативтік реттеуде, оның ішінде лауазымды тұлғалардың өз қалауы бойынша шешім қабылдауға мүмкіндік беретін кең дискрециялық өкілеттіктерімен байланысты көптеген сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды.

Субсидиялаудың ақпараттық жүйелері жетілдірілмеген, рұқсатсыз қол жеткізуден қорғалмаған, олардың функционалында көптеген кемшіліктер анықталған, бұл деректер мен айла-шарғы жасауға мүмкіндік береді.

Тиімді бақылау жүйесінің, сондай-ақ субсидияларды тиімсіз және мақсатсыз пайдаланғаны үшін әкімдіктер мен бейінді министрліктің лауазымды тұлғаларының жауапкершілігі болмауы жағдайды шиеленістіріліп отыр.

Мал шаруашылығы саласында «ИӨС» ақпараттық жүйесінде ауыл шаруашылығы жануарлары деректерімен айла-шарғы жасаудың көптеген фактілері анықталды: жануарлардың жасын, жынысын өз бетінше түзету, олардың сәйкестендіру нөмірлерін қайталау.

Осы және басқа да айла-шарғылар жоқ малды, белгіленген критерийлерге жатпайтын ауыл шаруашылығы жануарларын субсидиялау, сол бір мал басын екі рет субсидиялау, субсидияланған малдың сақталуын және мақсатсыз пайдаланылуын қамтамасыз етпеу үшін жүргізілді.

Мысалға, Түркістан облысында шаруашылықтардың біреуінде ғана төлді қолдан жасалды көбейту және субсидия алу үшін, ересек сиырлардың жасын бұзау жасына түзетудің 400-ден астам фактісі анықталды.

Жамбыл облысында мал шаруашылығы бөлімінің басшысы жеті жыл алты айға бас бостандығынан айырылды, ол үлестес шаруа қожалығы үшін, іс жүзінде сатып алынбаған малға 33 млн.теңге субсидия алуды ұйымдастырды.

Инвестициялық субсидиялау саласында нормалардың қайшылығы мен екіұштылығына, инвестициялық субсидиялаудың әртүрлі паспорттары бойынша сатып алынатын ұқсас ауыл шаруашылығы техникасының құнындағы елеулі айырмашылыққа байланысты, көптеген сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды. Осының барлығы әкімдіктің жауапты тұлғасына өз қалауы бойынша шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Жабдықтың бір бөлігі сәйкестік критерийлерін белгілемей және қандай да бір параметрлерді көрсетпей субсидияланады, бұл теріс пайдалану мен жымқыру үшін жағдай жасайды.

Жобалардың жекелеген паспорттары бойынша *(35-тен 50%-ға дейін)* жергілікті бюджет есебінен субсидиялау үлесін ұлғайтудың жетілдірілмеген тетігі де лауазымды адамдарға өз қалауы бойынша әрекет етуге мүмкіндік береді.

Мысалға, инвестициялық субсидиялаудың №4 паспорты бойынша *(жайылымдарды суландыру)* 5 жыл ішінде мемлекет 80 млрд.теңгеден астам қаражат бөлді, алайда мемлекеттік көмектің бұл түрі инвестициялық салымдарды өтеудің жоғары үлесі (80%) және бақылаудың толық болмауы есебінен қылмыстық байыту әдісіне айналды.

Бюджет қаражатын жымқыру схемасы ауыл шаруашылығы басқармаларының қызметкерлерімен үлестес компаниялардың жабдықтар құнын барынша көтеруі және сапасы төмен арзан техниканы одан әрі жеткізуі болды.

Басқа жағдайларда, жабдық мүлдем жеткізілмеді және орнатылмады, ал ақша жалған актілер бойынша аударылды. Құдықтар мен ұңғымаларда да осыған ұқсас схема қолданылды.

Бұл ретте, субсидиялар алуға өтінімдер фермерлердің атынан олардың цифрлық қолтаңбалар арқылы алдау жолымен берілді.

Мәселен, Ақтөбе облысында Ұлттық аграрлық ғылыми орталықтың қызметкерлері қатарынан қылмыстық топ әшкереленді, ол 3 жыл бойы үлестес кәсіпорындар арқылы жүздеген шаруа қожалықтарына (400-ден астам) күн панельдерін жоғары бағамен жеткізіп, олардың атынан өтінім беріп, субсидияны өзіне алды.

Сондай-ақ, ғылыми орталықтың қызметкерлеріне қатысты Атырау, Жамбыл, Түркістан облыстары бойынша департаменттер және Агенттіктің орталық аппарат қылмыстық істер қозғады.

Батыс Қазақстан облысында облыстық әкімдіктің ауыл шаруашылығы басқармасының Бөлім басшысы М. Әнуаров сотқа тартылды, ол басқа адамдармен топта алдау жолымен 120 фермердің атынан жалған құжаттарға қол қойды және олардың шоттары арқылы субсидиялар түрінде бөлінген бюджет қаражатын алды.

Өсімдік шаруашылығын субсидиялау саласында негізгі тәуекелдер жалған мәмілелер жасасу мүмкіндігімен, құжаттардың дұрыстығын тексеру тетіктерінің, субсидияланатын тауарды (*тыңайтқыштарды, пестицидтерді, тұқымдарды және т.б.*) нақты сатып алудың, сондай-ақ оны мақсатты пайдаланудың (*мониторинг және әкімшілендіру рәсімдері жоқ*) болмауымен байланысты.

Көрсетілген тәуекелдердің бірқатары қылмыстық істер мен прокурорлық тексерулер шеңберінде расталды, бұзушылықтардың, алаяқтықтың және субсидияларды жымқырудың көптеген фактілері анықталды.

Ауыл шаруашылығын субсидиялау саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін кешенді талдау қорытындылары бойынша мынадай түйінді тұжырымдар жасалды:

1) саланы ұзақ мерзімге дамытудың бірыңғай тұжырымдамасының болмауына байланысты, субсидиялау саясаты мен критерийлері үнемі өзгеріп отырады. Фермерлерге жұмысты ұзақ мерзімге жоспарлау қиынға соғады, олар шығынға ұшырайды;

2) көптеген нысаналы индикаторларға қол жеткізілмейді, өйткені агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік бағдарламалар соңғы он жылда, көбінесе, олардың тиімсіздігінің себептерін талдамай-ақ мерзімінен бұрын жойылуға қойылған;

3) субсидиялар алудың негізсіз көп бағыттары, түрлері, шарттары (*12 бағыт, 50-ден астам субсидия түрі, олар, өз кезегінде, паспорттарға, өздерінің талаптары мен іріктеу критерийлері бар тармақтарға бөлінеді*) фермерлер үшін басты әкімшілік кедергілер болып табылады;

4) ағымдағы жағдайдағы субсидиялар азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәсіпкерліктің тиімді жүйесін қалыптастыру және ауыл халқының өмір сүру деңгейін арттыру міндеттерін шешпейді;

5) субсидиялаудың қолданыстағы жүйесі лауазымды тұлғаларды және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін сыбайлас жемқорлық қылмыстарға «итермелейді», бюджетті әділетсіз және ұтымсыз бөлуге мүмкіндік береді *(лауазымды тұлғалардың кең дискрециялық өкілеттіктері, ақпараттық жүйелердің жетілдірілмеуі, бақылаудың тиімді жүйесінің болмауы және лауазымды тұлғалардың дербес жауапкершілігі)*.

Талдау барысында анықталған барлық фактілер бойынша 100 қылмыстық іс қозғалды.

Талдау қорытындысы бойынша Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүйелік проблемаларды кешенді жою бойынша нақты шаралармен, 170-тен астам ұсыным енгізілді.

АШМ жанынан Субсидиялау жүйесін, нормативтік-құқықтық базаны және ақпараттық жүйелерді жетілдіру жөніндегі жұмыс тобы құрылды.

Осыған ұқсас өтпелі талдау көліктік бақылау саласында басталды, онда көптеген құқықтық және басқа да тәуекелдер анықталды.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті қабылдап жатқан жүктердің жосықсыз автотасымалдаушыларымен күрес жөніндегі шаралар формалды және күтілетін нәтижелерге әкелмейді.

800 мыңнан астам көлік құралы ресми көліктік бақылаусыз қалып отыр, ал мемлекет жолдарды жөндеуге миллиардтап жұмсалған *(жылына орта есеппен 60 млрд.теңге)* шығынды көтереді.

Мысалға Шығыс Қазақстан облысында пара алғаны үшін, көлік құралдарының рұқсат етілген жүк нормасынан асып кетуін қамтамасыз еткен лауазымды тұлғалардың қылмыстық іс-әрекетінің жолы кесілді.

Алымдардың күнделікті сомасы, шамамен, 150-200 мың теңгені құрады. 9 жыл ішінде автоматтандырылған есептеу құралдар орнату жұмысы жолға қойылмаған.

Көлік комитеті жолдарда бақылауды жүзеге асыратын аумақтық инспекцияларға онлайн-бейне-мониторинг жүргізбейді, олардың бейне-жетондарды пайдалануы қамтамасыз етілмейді.

Көлік құралдарын техникалық тексеру саласында да елеулі кемшіліктер бар.

Агенттік 54 жалған техникалық байқау операторын анықтады, олар тек 2021 жылы 435 мың жалған диагностикалық карта берді.

Осылайша, Қазақстанның барлық автокөліктерінің 15%-ы азаматтардың өмірі мен денсаулығына, жалпы қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндіреді.

Алайда, көліктік бақылау органдары жалған техникалық байқау операторларымен қарсы күрестің орнына, олардың заңсыз қызметіне қамқорлық жасайды.

Жыл сайын Көлік комитеті халықаралық сауда қатынастарын дамыту мақсатында, шет мемлекеттермен рұқсат бланкілерімен тепе-тең негізде алмасуды жүргізеді.

Алайда, адал тасымалдаушыларға оларды алудан заңсыз бас тарту жолымен бланкілердің жасанды тапшылығы жиі жасалады. Олар көліктік бақылау инспекциясының қызметкерлерімен үлестес, жеке жүк көлігі жоқ компанияларға беріледі.

Талдау қорытындысы бойынша Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне тиісті ұсынымдар берілетін болады.

Заң бойынша сыртқы талдау ұсынымдары міндетті емес, бұл олардың орындалмау қаупін арттырады.

Мысалға, 2020 жылы сәуір айында Энергетика министрлігіне сұйытылған газға берілген өтінімдерін қарау және көлемдерін бөлу рәсімін өзгерту жөнінде ұсыным енгізілді. Бұл ұсынымды елемеу Министрлік басқармасының басшысы Н. Амангелдіұлымен газ желісі ұйымдарының өкілдерінен 6,3 млн.теңге сомасында бірнеше рет пара алу арқылы сыбайлас жемқорлық қылмысты жасауға әкеп соқты (*Нәтижесінде 8 жылға сотталған*).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сапалы жою мақсатында, Агенттік әрбір талдау объектісі бойынша ұсынымдарды түпкілікті іске асырғанға дейін, олардың орындалуын сүйемелдеуді жалғастырады.

9 мыңнан астам құқықтық акттер мен жұмыс процестері зерделенді, 2 мың тәуекел анықталды (*ОМО – 900, ЖАО – 865, КМС – 299*).

Мемлекеттік органдардың қаржы-шаруашылық қызметі, реттеушілік және бақылау функциялары, кадр процестері, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, бақылау-қадағалау функциялары, мүдделер қақтығысын реттеу және іс жүргізу тәжірибесі тәуекелдерге неғұрлым бейім.

Квазимемлекеттік секторға сатып алудың ашық еместігі, қаржылық рәсімдердің «жабықтығы», жеке пайда алу мақсатында лауазымдық жағдайды пайдалану тәуекелдері, сондай-ақ протекционизм және «ұнамды» адамдарды тағайындау тән.

Алайда, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау институтын күшейту жөніндегі бастамаларды барлығы бірдей қолдамады. «QazExpoCongress» АҚ, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «Қазгеология» АҚ, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ тәсілдемелерінен формализмді байқауға болады.

Квазимемлекеттік сектордағы мұндай жағдай комплаенс-бақылаудың болмауының не оның әлсіз ұйымдастырылуының салдары болып табылады.

Миллиардтаған бюджет сомаларын басқаратын ірі компаниялар ерекше алаңдаушылық тудырады.

Мұндай субъектілерге қатысты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы үйлестіру мен мониторингтің арнайы режимі талап етіледі.

Сондықтан Агенттік квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерін үйлестіру жөніндегі Агенттіктің құзыретін бекітуге қатысты заңнамалық түзетулерді әзірлеп, Президент Әкімшілігімен және Үкіметпен келісті.

Талдамалық құрамдастардың сапасын СИМ, МСМ, ҰЭМ, Еңбекмині, ЭМ, Шымкент қаласының, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау облыстарының әкімдігі күшейтулері қажет.

ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің мемлекеттік қызмет көрсету процестеріне жүргізілген талдау қортындысы бойынша берілген шолуына Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы (бұдан әрі – тұжырымдама) қабылданды.

Мемлекеттік аппараттың функцияларында «мемлекеттік көрсетілетін қызмет» ұғымы тұжырымдамалық жағынан қайта қаралатын болады.

Демек, мемлекеттің бүкіл қоғамға біртұтас әлеуметтік организм ретінде көрсететін қызметтері ерекше назар аударуды қажет етеді. Мұндай тауарларды тұтынудан жосықсыз жеке тұлғаны алып тастау мүмкіндігінің болмауы қоғамдық қызметтердің басты белгісі болып табылады. Сондықтан мемлекеттің жеке қызметтерінен айырмашылығы, қоғамдық қызметтер бүкіл қоғамға тұрақты негізде көрсетіледі. Олардың қатарына қоғамдық тәртіпті, қоршаған ортаны, қоғамдық денсаулықты және басқаларды, соның ішінде осы салалардағы бақылау мен реттеуші әсерді қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жатқызуға болады.

Мемлекеттің қоғамдық қызметтерін осындай деп тану арқылы мемлекеттік қызметтер контентін кеңейту-мемлекеттік органдардың біржақты және ведомстволық мүдделерін жоққа шығаратын мемлекет пен қоғамның өзара диалогы негізінде сапа стандарттарын қалыптастыру үшін маңызды шарт. Қоғамға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің әр түрі 6 бойынша осындай қоғамдық келісім, шын мәнінде, сервистік мемлекеттің негізі болып табылады. Бұл сондай-ақ соңғы жылдар ішінде түсінігі қалыптасқан мемлекеттің жеке қызметтерін қайта қарауға мүмкіндік береді.

Біз азаматтар мен ұйымдардың субъективті құқықтарын іске асыруды имитациялайтын жарты қызметтер туралы айтып отырмыз. Олардың қатарына дәрігердің қабылдауына жазылу, мектепке қабылдау немесе әлеуметтік тұрғын үй алу үшін кезекке қою сияқты қызметтерді жатқызуға болады, өйткені олар Денсаулық сақтау, білім беру және тұрғын үймен қамтамасыз ету құқықтарын іске асырумен байланысты емес, бұған тек алдын ала кезең ретінде әрекет етеді. Өз кезегінде, денсаулық сақтау, білім беру және тұрғын үймен қамтамасыз ету саласындағы қызметтің сапасы назардан тыс қалып отыр. Талдау нәтижелеріне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімі осыған ұқсас сипаттағы шамамен 36 қызметті қамтиды.

Мемлекеттік органдар бөлінісінде жартылай көрсетілетін қызметтер саны. Цифрлық технологиялардың дамуымен бірқатар қызметтердің көптігі мен жалғандығына баса назар аударатын мәселелердің тағы бір бөлігі. Олар, ең алдымен, анықтамалық қызметтермен байланысты. Ақпараттық жүйелер арқылы көрсетілетін қызметті берушіге қолжетімді ақпаратты талап етуге заңнамалық тыйым анықтамалық қызметтерді «мемлекеттік көрсетілетін қызмет» санатынан алып тастау бойынша одан әрі қадамдар жасау үшін олардың өзіндік серпініне айналды.

БҒМ Еңбекмині ИДМС, ЭГТРМ ДСМ, МСМ, ҰЭМ, Қаржымині АШМ, ПМ, ЖС, ҰБ 10 8 3 2 1 7 Соңғы үш жылда (2019-2021) көрсетілетін қызметтер тізілімінен анықтамалық сипаттағы 15 қызмет (Әділетмині – 5, ИИДМ – 4, ДСМ – 1, Қорғанысмині – 1, ПМ – 1, БҒМ – 1, ҰБ – 1 және БП – 1) алып тасталды. 2-диаграмма. Тиісті салалар бөлінісінде Тізілімнен алып тасталған анықтамалық сипаттағы қызметтер саны Сонымен қатар, жүргізілген талдау нәтижелері анықтамалық сипаттағы шамамен 38 қызметтің болуын көрсетеді.

Мемлекеттік корпорацияның филиалдарына жүгінген кезде және т.б.). Анықтама қызметтерінің жалпы санынан 42% (16) қызмет бір ғана өтініш негізінде көрсетіледі, қалғандары үшін (58% немесе 22 қызмет) азаматтық хал актілері, мүліктік құқықтар (ақпараттық жүйелерде болмаған жағдайда), нотариалдық құжаттар (сенімхаттар, шет тілінен аудармалар) және т.б. түріндегі қосымша мәліметтер талап етіледі. Көрсетілген қызмет түрлерін оңтайландыру жөніндегі одан арғы қадамдар тиісті қызметті көрсету үшін қажетті ақпарат шегінде «электрондық үкімет» порталындағы жеке кабинетте және көрсетілетін қызметті берушіге оның әрбір иесі үшін қолжетімді электрондық досьені қалыптастыру қажеттілігімен тікелей байланысты.

Әділетмині ИДМ БҒМ, ДСМ, Қаржымині, БП және ҰБ 5 4 1 8 Жаңа мемлекеттік басқару жағдайында мемлекеттік қызметтер көрсету кезіндегі проактивті тәсілдер, осы процестерді одан әрі автоматтандыру, эксаумақтық және композиттік қағидаттарды іске асыру басым міндеттердің қатарында қалып отыр. Көрсетілетін қызметтер сапасының маңызды көрсеткіші, бұрынғысынша, оларды көрсетудің барынша қысқа мерзімдері болып табылады. Осы аспектілердің әрқайсысы жеке зерттеуді және зерттеуді қажет етеді. Мемлекеттік қызметтер цифрлық форматқа көшуді жалғастырады.

Мемлекеттік дерекқорларда бар ақпаратты растау практикасын алып тастау керек.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы №522 Жарлығы Электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің үлесі өткен жылы 90,1% құрады. Өз кезегінде, мемлекеттік қызмет түрлерінің 94% жуығы оларды электрондық форматқа көшірілді.

Алайда, ұқсас сурет мүқият зерттелгенде өзгеруі мүмкін. Мысалы, Ішкі істер министрлігінің виза беруге байланысты екі ғана қызметі 64 кіші түрден тұрады. Тағы бір мысал, Сыртқы істер министрлігінің кіруге және транзиттік өтуге визаларды беруге және ұзартуға байланысты қызметі 53 кіші түрге ие.

Бұл ретте олар цифрландыру саласында жүргізіліп жатқан саясаттан тыс қалып, қағаз түрінде көрсетілуін жалғастыруда. Жүргізілген талдауға сәйкес мемлекеттік қызметтердің 219 (31%) түрі қосымша қызметтердің 1 229 түрін (кіші түрлерін) қамтиды. Мемлекеттік органдар бөлінісінде кіші түрлері бар көрсетілетін қызметтер саны Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру мәселелерінде жасанды зердені пайдалану арқылы адами факторды алып тастаудың маңызы аз емес.

Автоматтандырылған қызметтердің тек 4% – ы (26) адамның қатысуынсыз жүзеге асырылады (ДСМ – 4, Еңбекмині – 4, Қаржымині – 4,

Әділетмині – 3, БҒМ – 3, АШМ – 2, ИИДМ – 2, ҰЭМ – 1, Қорғанысмині – 1, ЭГТРМ – 1, Энергетикамині – 1). Бұл ретте, олардың барлығы негізінен цифрландырылған деректер базасынан анықтамалық ақпарат берумен байланысты. Адамның қатысуынсыз көрсетілетін электрондық қызметтердің саны ДСМ - 4 Еңбекмині - 4 Қаржымині - 4 Әділетмині - 3 БҒМ - 3 АШМ - 2 ИИДМ - 2 ҰЭМ - 1 Қорғанысмині - 1 ЭГТРМ - 1 Энергетикамині - 1 10 Демек, автоматтандыру процесінің сапасы сандық қызметтердің тиімділігін арттырудың маңызды шарты болып табылады.

Мұндай жұмыс бұрын ішінара автоматтандыруды қалдыруы керек, бұл кезде бүкіл процесс тек электронды өтінім беру және қызмет нәтижесін алу мүмкіндігімен шектелген. Өткен жылдардың тәжірибесін ескере отырып, Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру саласында жүргізіліп жатқан жұмыстың сапасына тікелей әсер ететін бірқатар факторларға назар аударған жөн.

Қазіргі уақытта, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімі 687 қызметті қамтиды. Бұл ретте, 2007 жылдан бастап , яғни 14 жыл ішінде тізілім 132 қызметтен 698-ге дейін 5,3 есеге кеңейтілген. Агенттік тарапынан оларды іске асыру кезінде мемлекеттік құрылымдардың халықпен тікелей өзара іс-қимылы бар «жасырын» қызметтерді анықтау шеңберінде бизнес процестерге тұрақты негізде мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге (кодекстер, заңдар, ережелер, нұсқаулықтар, ережелер және т.б.) талдау жүргізеді.

Нәтижесінде 80-нен астам нормативтік құқықтық актілер қаралып, Мемлекеттік органдардың 900-ге жуық функцияларына талдау жасалған. Тізілімге енгізілген мемлекеттік функциялардың тізбесі қалыптастырылған. Сонымен қатар, 2015 жылдан бастап Агенттіктің бастамасы бойынша тізілімге 84 «Жасырын» қызмет енгізілген.

Кесте 2 – «Жасырын» қызметтер бөлінісі

Тізілімге түзетулер енгізілген НҚА	Барлық енгізілген дер	Агенттік ұсынысы бойынша	Үлесі, %
2015	41	15	37%
Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 8 қыркүйегіндегі № 756 Үкімет қаулысы	27	13	48,4
Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы № 1189 Үкімет қаулысы	14	2	14,3
2016	24	12	50%
Қазақстан Республикасының 2016 жылдың 15 желтоқсанындағы № 816 Үкімет қаулысы	24	12	50
2017	58	27	47%
Қазақстан Республикасының 2017 жылдың 7 сәуіріндегі № 177 Үкімет қаулысы	25	22	88
Қазақстан Республикасының 2017 жылдың 12 қазанындағы № 637 Үкімет қаулысы	33	5	15,1

2-кестенің жалғасы

2018	69	25	54%
Қазақстан Республикасының 2018 жылдың 3 қазанындағы № 548 Үкімет қаулысы	47	23	48,9
Қазақстан Республикасының 2018 жылдың 29 желтоқсанындағы года № 913 Үкімет қаулысы	22	2	9
2019	3	0	0%
Қазақстан Республикасының 2019 жылдың 22 сәуіріндегі № 217 Үкімет қаулысы	2	0	0
Қазақстан Республикасының 2019 жылдың 30 қыркүйегіндегі № 726 Үкімет қаулысы	1	0	0
2020	27	5	19%
«Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығы» [33]	11	2	18
«Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қазандағы № 390/НҚ бұйрығы» [34]	16	3	19
2021	2	0	0
«Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2021 жылғы 15 сәуірдегі № 129/НҚ бұйрығы» [35]	2	0	0
барлығы	224	84	37,5%
Ескертпе – ақпарат автормен [34; 35] дереккөзінде дайындалған.			

2020 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда, Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзу бойынша теріс динамика келесі министрліктерде тіркеліп отыр. Атап айтқанда ішкі істер министрлігімен (2020 ж. – 257, 2021 ж. – 7518), мәдениет және спорт (2020 ж. – 9, 2021 ж. – 15), Білім және ғылым (2020 ж. – 6, 2021 ж. – 16), Төтенше жағдайлар (2020 ж. – 0, 2021 ж. – 6), ауыл шаруашылығы (2020 ж. – 18, 2021 ж. – 86), қаржы (2020 ж. – 35, 2021 ж. – 56), цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі (2020 ж. – 66, 2021 ж. – 166), экология, геология және табиғи ресурстар (2020 ж. – 0, 2021 ж. – 36).

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бөлек сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары негізінде мемлекеттік органдарды сыртқы бақылау мен мемлекеттік қызмет көрсетудің ішкі бақылау шаралары бойынша анықталған тәуекелдер бекітіліп, талдау жүргізілген органға ұсыным ретінде жолданады.


Өз кезегінде мемлекетті орган берілген ұсыныстар бойынша кемшіліктерді жою бойынша шаралар қабылдайды. Ал, мемлекеттік органдарда анықталған жүйелік кемшіліктерді болдырмау бағытындағы шаралар қабылдау қажет. Атап айтар болсақ, мемлекеттік қызмет көрсетін органда сыртқы немесе ішкі бақылау арқылы болмаса сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау арқылы көп кездесетін бұзушылық тапты. Ол бұзушылық басқа органдарда қайталануы мүмкіндігін ескеріп, ақпараттарды талдап алдын алу бағытындағы

ұсыныстар енгізу. Ұсынысты орындау нәтижесі бойынша орталық органға алдын алу шарасы бойынша ұсыныс енгізу мүмкіндігін қарастыру қажет.

Сауалнама қорытындысы бойынша


Бұл зерттеуде сауалнама жүргізу әдісі қолданылды. Сауалнама қағаз тасығышта 2020-2021 жылдары алынып оған жалпы 392 респондент қатысса электрондық нысаны арқылы 270 респондент қатысты. Сауалнамаға жалпы республика бойынша 662 респондент қатысты, сауалнама 8 сұрақтан құралды.

Осы тәсіл арқылы мемлекеттік қызмет көрсету саласында тұрмыстық сыбайлас жемқорлық деңгейін және азаматтармен түйсіну ақпараттарын алу бойынша ақпараттар өңделді.



2-сурет – Сауалнамадан өтушілердің жұмыс бейінінің бөлінісі
Ескертпе – [36] дереккөз негізінде автормен дайындалды.


Сауалнамаға қызмет атқаратын салалар бойынша көш бастап тұрған сала мемлекеттік қызмет саласы 140 (51,9 %), ал қалған салаларда 130 (48,1 %), респондет жауап берген.



5-сурет – Тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты түйсіну
Ескертпе – [36] дереккөз негізінде автормен дайындалды.

Ескертпе – [36] дереккөз негізінде автормен дайындалды.


Мемлекеттік мекемелерге сеніміңіз қандай?



8-сурет – Азаматтардың сенім көлемі

Ескертпе – [36] дереккөз негізінде автормен дайындалды.

Мемлекеттік қызмет көрсетудегі тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жою үшін қандай шаралар қабылдаған дұрыс?



9-сурет – Азаматтардың ұсыныстары

Ескертпе – [36] дереккөз негізінде автормен дайындалды.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы тұрмыстық сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатын ұсыныстар төмендегідей: ашықтық, электронды түрде онлайн әңгімелесу өткізу, онлайн трансляция жасау желіден немес басқа да платформалардан, сауалдарды үміткер өзі электронды түрде таңдай құқығы берілу, конкурстық комиссия шешімін жедел шығару, барлық органдарға бос жұмыс орындарын жасырғаны үшін айыппұл салу, комиссияға қоғамдық ұйымдардың, саяси партиялардың, ҮЕҰ және т. б. өкілдерін ендіру және т.б..

Жұмысқа орналасу тәртібіне өзгеріс қажет екендігі туралы тағы бір сигнал болып табылады.

Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар

Қазіргі таңда тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың нақты қанша мөлшер көлемінде бағаланытыны белгілі болмағандықтан, оның сипаты және т.б.

Мәселен құқық бұзушы, мемлекеттік қызметті көрсетуші көрсеткен қызметі үшін сыйақы алса, ол дәрігер, оқытушы, полиция қызметкері немесе халыққа қызмет көрсету және т.б. болуы мүмкін. Бұлардың жасалған құқыққа қайшы әрекеттері әсерінен мемлекет қатты шығынға ұшырамайды, дегенмен халық сенімі ақтамай кері пікір қалыптастырады.

Сондықтан тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты азайту бойынша нормативті шығармашылықты талап етеді. Сол себепті қолданыстағы заңнамаларды жетілдіру қажет.

Осы орайда, С. Рахметовтың еңбегін зерделедім, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Заңнама және құқықтық ақпарат институтының бас ғылыми қызметкері з. ғ. д., профессор Рахметов Саттар Мұқанұлы «Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық ұғымы туралы» келесідей түсіндірме береді.

Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық-бұл өз ерекшеліктері бар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың бір түрі. Негізгі ерекшелігі-бұл ішкі қатынастар саласында орын алады. Тұрмыс - бұл адамның физиологиялық қажеттіліктері қанағаттандырылатын күнделікті өмір салты.

Тағы бір ерекшелігі-оның салыстырмалы таралуы. Сондай-ақ, тұрмыстық қатынастар саласындағы сыбайлас жемқорлық кезіндегі пара сомаларының басым көпшілігінде салыстырмалы түрде аз екенін атап өткен жөн.

Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық – бұл сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының бір түрі, жиынтығы болады, ол осы теріс қылықтың белгілері болуы тиіс. Негізгі белгілер олардың субъектісіне сәйкес бөлінеді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 1-бабының б) тармаққа сәйкес: сыбайлас жемқорлық – бұл жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы өзіне немесе үшінші тұлғаларға, сондай-ақ осы адамдарға артықшылықтар мен артықшылықтар беру арқылы пара беру.

Осы анықтамадан сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілері келесі төрт санаттағы адамдар болады деген тұжырымға келеміз. Олар: жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар;

мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғалар;

мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар;

лауазымды тұлғалар.

Лауазымды адам ұғымының анықтамасы ҚК-нің 3-бабының 26) тармағында, сондай-ақ ҚРМҚТ Заңының 1-бабының 8) тармағында берілген. Қалған үш санатына ҚК-нің 3-бабының 16), 27) және 28) - тармақтарында түсініктемелері берілген.

Мысалы, Субъекті белгілері бойынша тұрмыстық сыбайлас жемқорлық жасаған азамат сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілеріне жатпайтын азамат жасаған жағдайлардан ерекшеленеді. Мысалы, мектептің немесе басқа мемлекеттік емес оқу орнының оқытушысы емтихан кезінде оқушыға жоғары баға бергені үшін сыйақы алады. Бөлімше меңгерушісі немесе өзге басшы болып табылмайтын Хирург жүргізілген операция үшін сыйақы алады. Аталған әрекеттер сыбайлас жемқорлық емес, олар тұрмыстық сыбайлас жемқорлыққа жатпайды. Мұндай әрекеттер орын алған жағдайда ҚК-нің 247-бабы негізінде жауапкершілік көзделген.

Жоғарыда көрсетілген «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заңның 1-бабының 11) тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - бұл үшін заңда әкімшілік, қылмыстық сипаттағы жауаптылық бекітілген, сыбайлас жемқорлықтың белгісі бар кінәлі түрде жасалатын құқыққа қарсы іс-әрекет немесе әрекетсіздікті жатқызуға болады..

ҚК-нің 17-бабынан құралған сыбайлас жемқорлық қылмыстардың толық тізбесі ҚК-нің 3-бабының 29) - тармағында белгіленген.

ӘҚБтК 34-тарауында әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың мынадай 6 түрі санамаланған: жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі (676-бап); Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы (677-бап); заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі тұлғалар (678-Б.); мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуы (679-бап); мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы (680-бап); бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау (681-бап).

ӘҚБтК-нің 678, 679, 680 және 981-баптары бойынша жауаптылық көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтардың жоғарыда аталған алты түрінің соңғы төртеуін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жатқызуға болмайтынын атап өткен жөн, өйткені сыбайлас жемқорлық қылмыс ұғымының жоғарыда келтірілген анықтамасында ("сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңның 1-бабының 6) - тармағында) "сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" арнайы субъектінің міндетті белгісі ретінде. ӘҚБтК-нің 678, 679, 680 және 981-баптарында іс-әрекетті сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық ретінде сипаттайтын арнайы субъектінің міндетті белгісі көрсетілмеген.

ӘҚБтК 680 (мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы) және 681 (бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау) баптарының редакцияларында "сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 6) тармағында көрсетілген сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының қажетті объективті белгілері жоқ, сондықтан олар үшін жауаптылық көзделген іс-

әрекеттер ӘҚБТК-нің жоғарыда көрсетілген баптарын сыбайлас жемқорлық емес, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға кедергі келтіретін өзге де әкімшілік құқық бұзушылықтар деп атауға болады.

Баяндалғанға байланысты тұрмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың мынадай анықтамасы ұсынылады: тұрмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық-бұл "сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының б) тармағында көзделген сыбайлас жемқорлық белгілері бар тұрмыстық қатынастар саласында жасалатын және заңмен белгіленген құқыққа қайшы кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік). Әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік.

Тұрмыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпы шаралары пайдаланылады. Мысалы, халықтың қалың жігінің құқықтық насихатын күшейту жолымен халықтың құқықтық санасы мен құқықтық сауаттылығы деңгейін арттыру сияқты алдын алу шаралары, өйткені заңсыз сыйақы беретін адамдардың көпшілігі аталған құқық бұзушылық үшін өздерінің құқықтары мен жауапкершілігі туралы жеткілікті жақсы білмейді. Біздің елімізде бұл маңызды алдын алу шарасына жеткілікті көңіл бөлінбейді.

Мысалы, адамдардың санасында сыбайлас жемқорлыққа теріс көзқарастың қалыптасуына теледидардан сыбайлас жемқорлықтың қауіптілігі туралы бейнелер жасау және көрсету арқылы әсер етуге болады. Мұндай міндет әрбір министрлікке жүктелуі тиіс. Бұл міндеттің орындалмауын мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы ретінде қараған жөн (ӘҚБТК-нің 680-бабы). Бірақ Қазақстан Республикасының Президенті өзінің кезекті баяндамасында оны орындауға міндеттемегенге дейін және тапсырманың орындалуына бақылау орнатқанға дейін ешкім мұны міндетті деп есептемейді.

Сондықтан бұл арзан және тиімді алдын алу шарасы біздің елімізде іс жүзінде қолданылмайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте құқықтық шаралар маңызды рөл атқарады. Мысалы, Қылмыстық кодекстің нормаларын жетілдіруді қажет етеді. Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін сотталған адамдарға жазаны неғұрлым жеңіл түрге ауыстыру сияқты шараларды қолдануға заңнамалық түрде тыйым салу қажет. Бұл үшін ҚК-нің 73-бабы 2-абзацын жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін сотталған адамдарға қатысты қолданылмайтындығы туралы ережемен толықтыру керек.

ӘҚБТК-нің қолданыстағы редакциясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың әкімшілік-құқықтық шараларын реттеу бойынша көптеген кемшіліктер бар. Оларды жою үшін ӘҚБТК-не мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынамыз:

1. ӘҚБТК-нің 34-тарауын «әкімшілік сыбайлас жемқорлық және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға кедергі келтіретін өзге де құқық бұзушылықтар»

деп атау дұрысырақ болар еді. Мұндай түзетудің қажеттілігі туралы жоғарыда айтылды.

2. ӘҚБТК - нің 380 және 381-баптарында көзделген әкімшілік жазалау шараларын күшейту керек, өйткені осы баптарда белгіленген айыппұлдың ең аз сомасы-100 айлық есептік көрсеткіш көрсетілген баптарда көзделген әрекеттің ауырлығы мен ықтимал салдарына сәйкес келмейді.

Сарапшымен сұхбат – сарапшының пікірі негізінде өзекті мәселені анықтау және оны шешу бойынша ұсыныстарды жинақтауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласында тұрмыстық сыбайлас жемқорлық көріністерінің бар екені және оның алдын алу қажеттігі туралы мәселе бар екенін көрсетті.

Ендігі кезекте зерттеу әдісі тиісті мемлекеттік қызмет көрсету саласында қызмет ететін тұрмыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне байланысты сұрақтар жасақталып, қамтылды. Сарапшыларға негізінен 3 сұрақ берілді, қажеттілігіне қарай қосымша сұрақтар қойылды.

Сұхбатқа Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және Мемқызмет агенттігінің орталық аппаратының қызметкерлері мен мамандары, аумақтық департамент басқарма басшылары, қызметкерлері, «Тұтынушылардың құқығын қорғау» үкіметтік емес ұйым өкілдерінің қатысуымен 6 сұхбаткер қатыса алды.

Сұхбат *whatsapp* желісі арқылы және бетпе - бет кездесу арқылы жүргізілді.

Сұхбаттың бірінші сұрағы: *мемлекеттік қызмет көрсету саласында тұрмыстық сыбайлас жемқорлық туралы (сипаты, орын алу жағдайлары, түрлері және т.б.) айтып өтсеңіз?*

Сұхбат берушілердің пікірінше азаматтар мәселесін шешуге немесе мемлекеттік қызметтерді алуда жылдам әрі ерекше артықшылықтар алғысы келетін ерекше тап көрсетті. Бұдан бөлек қызметтердің баламалы түрлерін алуда қызмет алушылардың басқа мемлекеттік органдармен келісудің ұзақтығы туралы айтқа. Шешу жолдар негізінен ақпараттық бағдарламалардың бір платформада жұмыс істеуі мен ашықтығы туралы болып отыр. Бір реттік қызметтер мен кезектілігі жоғары қызметтер мен қызмет көрсетулерді тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың туындау мүмкіндігі жоғары екені атап өтілді. Мысалы, азамат ХҚКО немесе мемлекеттік органда кезектің жоғары екенін біліп, таныстық немесе достық қарым қатнастары арқылы кезекті брондау, құжаттарды алдын ала қарау мәселелерін шешіп қызметтің алынуын жылдамдатады. Мұнда басқа қызмет алушылардың құқықтар жанама бұзылады деген пайымдау бар.

Мемлекеттік қызметтер мен мемлекеттік органдар және бюджет есебінен қаржыландырылатын мекемелердің қызметкерлерінің және нормативтік құқықтық актілерде белгіленген принциптерді бұзудан орын алады т.т.с. мысалдар келтірілді.

Әрине көпшілігі тұрмыстық сыбайлас жемқорлықта мүдделер қақтығысы орын алатынын атап өтті.

Нормативтік құқықтық актілерде мүдделер қақтығысына келесідей анықтама берілген. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы заңы 1 бабының 17 тармақсашында: мүдделер қақтығысы – мемлекеттік қызметшінің жеке басының мүдделері өзінің лауазымдық өкілеттіктерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін болатын кездегі мемлекеттік қызметшінің жеке басының мүдделері мен оның лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық деп көрсетілген. Аталаған заңның 44 бабының талаптарына сәйкес тәртіптік теріс қылық деп танылып, тәртіпшік жазалар көзделген [7].

Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет көрсетудегі тұрмыстық сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтарды азайту мен жою бойынша қолданыстағы механизмдер туралы айтып өтсеңіз?

Тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін қызмет көрсетулердегі азаматтарға қолайлы жағдай жасау бағытында біршама жұмыстар жүйелі жолға қойылды, Ашық офистер мен қызметтерді алу оңайлатылып жатыр. Мобилді қосымша арқылы алынатын проактивті қызметтер артып келе жатыр.

Қазіргі таңда , Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен «Интегрети чек» тәжірибесі қолға алынған. Қызметкердің парасаттылығын тексеру институты – қызметіне байланысты қызығушылық тудырып, сыйлық беріп оны қызметкер заңмен белгіленген мерзімде өткізеді ме, жоқ па осыны тексеретін болады.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласында тұрмыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл механизмін қалай қалыптастыру қажет?

Мемлекеттік қызмет көрсету саласында тұрмыстық сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтау және оны дәлелдеу бойынша шаралар қолдану әдістемесе әртірлі нормаларда көрсетілген. Мемлекеттік қызметші жасаған теріс қылық болып табылса оған «Мемлекеттік қызмет туралы заңмен» тәртіптік жауапкершілік көзделген ал азаматтық қызметшілерге сол негізді тәртіптік жауапкершілік көрсетілгені белгілі. Ал, тұрмыстық сыбайластықтың пайда болу негізіне үңілетін болсақ, онда азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру жатқандығы айтылды. Қызмет көрсетушілердің төмен жалақысы бір бөлек бір саладар ретінде қарауға болады. Себебі сонғы кезде мемлекеттік қызмет көрсетуші мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы көтерілген. Азаматтық қызметшілер ХҚКО мамандарының жалақысы төмендігі негізінде тұрмыстық сыбайлас жемқорлық көріністері туындауы мүмкіндігі туралы айтылды. Басты себеп, қызмет алушылар мен қызмет көрсетуші органдардың арасында байланыстырушы қызмет не делдалдық атқару мүмкіншілігі жоғары.

Бұл негізінен ауылдық, кенттік деңгейде қалыптасуы мүмкін. Ал, үлкен қалаларда орын алмауы мүмкін.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін не ұсынар едіңіз?

Мемлекеттік қызмет көрсетуде сыбайлас жемқорлықты ішкі талдау шаралары мен құқықтық оқыту саласына мән берген дұрыс. Мемлекеттік

қызмет көрсету саласында жәрмеңкелер, түсіндіру жұмыстар мен кешенді шаралар жүргізіп жатқанын атап өту керек.

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі кодексінің 200 бабының талаптарына сәйкес, Қылмыстық құқық бұзушылықтар және басқа да заң бұзушылықтар жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі ұсынудың 1 тармақшасында 1) Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайларды анықтай отырып, тиісті мемлекеттік органдарға, ұйымдарға немесе онда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдарға осы мән-жайларды немесе басқа да заң бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар қолдану туралы ұсыну енгізуге құқылы деп көрсетілген. Ал, 2 тармақтың талаптарына сәйкес, 2) Ұсынулар қолданылған шаралар туралы міндетті түрде хабардар етіле отырып бір ай мерзімде қаралуға тиіс деп көрсетілген. Яғни, мемлекеттік қызмет көрсетудегі сыбайлас жемқорлық саласындағы қылмыстарды сотқа дейін тергеп тексеруде анықталған тәуекелдерді болдырмау бойынша ұсыныстар сол мемлекеттік органға жолданып, атқарылған шаралар туралы есеп алынады. Біздің ұсынып отырған тетігіміз бойынша, басқа мемлекеттік органдарда пайда болуы ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын алу [29].

Қорытынды

Қорыта айтқанда, ұлт жоспарында белгіленген межеге жету үшін және дамыған 30 елдің қатарында табылу үшін сыбайлас жемқорлық көріністерімен күресті күшейту қажет. Бұдан бөлек, мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органдармен сот органдары және құқық қорғау органдарының ашықтығын қалыптастыр және жалпы мемлекеттік қызметтің есептілігін арттырған жөн.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: Сыбайлас жемқорлықпен тиімді күресті жалғастыру қажет. Құзырлы агенттік жыл соңына дейін орта мерзімді кезеңдегі іс-қимылымыздың бағдарламасын айқындайтын стратегиялық құжатты бекітуге ұсынуы керек. Бұл ретте, «тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты» жоюға айрықша назар аударған жөн.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді.

Салалық заңдарға тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты түйсінуге бағытталған шаралар негізінде «тұрмыстық сыбайлас жемқорлық» терминін енгізу қажет. Себебі, нақты терминология енгізу арқылы азаматтардың тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың түрлері мен түйсіну деңгей артады. Ал, өз кезегінде ол алдын алу бағытындағы шаралардың тиімділігін арттырады.

Бұдан бөлек, мемлекеттік қызмет көрсетудегі тұрмыстық жемқорлықтың алдын алудағы ұсынылып отырған тетіктерді енгізген дұрыс деп санаймыз. Қосымша 2.

Сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті күшейту, жеке және заңды тұлғалардың конституциялық құқықтарын қорғау, демократиялық институттарды нығайту және азаматтардың мемлекетті басқаруға қатысуын кеңейту мақсатында қабылданған заңнамалық актілер парасаттылық идеологиясын одан әрі ілгерілетудің және сыбайлас жемқорлық факторларын жоюдың берік негізі болады.

Бұл өз кезегінде, тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың салары мен оның тереңдетіп зерттеуге және алдын алу бағыттарын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, азаматтардың күнделікті әрекеттесуінде пайда болатын тұрмыстық сыбайлас жемқорлық көріністері бар және оның алдын алу шараларының қажеттілігін көрсетті.

Зерттеу барысында келесі өзекті мәселер анықталды.

1. Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық түсінігінің заңнамада болмауы, сәйкесінше ол туындаған кезде анықтаудың төмен деңгейі.

2. Алдын ала талдау жұмыстары мен ішкі және сыртқы талдау мен бақылаудағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне баға беру және анықтаудың әдістерінің жоқтығы.

3. Анықталған тәуекелдердің ел көлемінде біркелкі таралмауы.

Зерттеу нәтижесі бойынша келесідей ұсынымдар ұсынылады:

- Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық түсінігін заңнамаға енгізу;
(Қосымша 1).

- Мемлекеттік қызмет көрсету саласында анықталған тұрмыстық сыбайлас жемқорлық қатерлерді басқару және алдын алудың әрекет етуші тетігін енгізу;
(Қосымша 2).

Нормативтік актілерде «Қылмыстық құқық бұзушылықтар және басқа да заң бұзушылықтар жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі ұсыну» енгізеді. Алайда, аталған ұсыныстар тек мемлекеттік органға жолданып, сол тәрізді мемлекеттік қызмет көрсететін органдар сыбайлас тәуекелдер туралы ақпарат ала алмай отыр.

Мемлекеттік қызмет көрсетудегі тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетігін енгізу; (Қосымша 3).

- Мемлекеттік функцияларды орындауда мүдделер қақтығысын алдын алудың тиімді тетігін нормашығарушылыққа қосу; (Қосымша 4).

Бұдан бөлек, қоғамдық институттарды тарту арқылы қоғамдық бақылауды қалыптастыру. Мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету белсенділігін арттыруға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау шараларының жариялылығы ықпал ететін болады.

Жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алып тастау бөлігінде анықтау шараларын енгізу немесе оларды стандарттау арқылы мемлекеттік қызмет ретінде көрсету. Мұндағы мемлекеттік органмен тексеруге мүмкіндік беретін жағдайларды анықтаған жағдайда орынды бас тарту функциясын енгізген дұрыс. Егер нақ сол анықтама мемлекеттің немесе басқа азаматтардың құқығын қозғайтын жағдайда көрсетілетін қызмет ретінде заңдастырып электрондық үлгіде жолдаған жөн.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» №410-V ҚРЗ Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410>. Жүгінген күні: 25.11.2021 ж.
- 2 Квон Д.А., Политическая коррупция: понятие, цели, субъекты. // Общественный научно-политический журнал «Власть», 2016. - №23(7), - С. 45-52.
- 3 Мукашев А., «Как ведется борьба с коррупцией в Казахстане?», //Участник Школы аналитики CABAR.asia (Нур-Султан) // Central Asian Bureau for Analytical Reporting (CABAR.asia) – региональная аналитическая, информационная и образовательная платформа по Центральной Азии. – URL: <https://cabar.asia/ru/kak-vedetsya-borba-s-korruptsiej-v-kazahstane>. Жүгінген күні: 20.08.2021 ж.
- 4 Русских А.А., «Опыт борьбы с коррупцией в зарубежных странах» // Научно-практический электронный журнал «Аллея науки» №12(63), 2021г. – URL: https://alley-science.ru/aktualnye_voprosy_politiki_i_prava_12_63_2021/. Жүгінген күні: 09.02.2022 ж.
- 5 Давранов Х.Б., «Зарубежный опыт противодействия коррупции» Научной статьи по специальности «Право» // Журнал «Cyberleninka.ru», 2021г. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/zarubezhnyy-opyt-protivodeystviya-korruptsii-5>. Жүгінген күні: 20.12.2021 ж.
- 6 Климова О.В., Анализ зарубежного опыта борьбы с коррупцией // Материалы II Всероссийской научной конференции // Издательство Тихоокеанского государственного университета, 2021г. с. 83-93.
- 7 Рахметов С.М., О понятии бытовой коррупции // Института законодательства и правовой информации Министерства юстиции РК // «Информационная система «ПАРАГРАФ» – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36949383&pos=6;-106#pos=6;-106. Жүгінген күні: 04.04.2022 ж.
- 8 Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» № 802 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000802>. Жүгінген күні: 25.02.2022 ж.
- 9 «Бытовая коррупция» в современной жизни» // Памятка по антикоррупционной политике Министерства строительства и архитектуры Ставропольского края РФ, 2018г. – URL: <https://минстройск.рф/antikorrupsionnaya-politika/metodicheskie->

[materialy/pamyatka-po-antikorrupsionnoy-tematike/?sphrase_id=21913](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416). Жүгінген күні: 14.11.2021 ж.

10 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» №416-V ҚРЗ Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416>. Жүгіну күні: 25.11.2021 ж.

11 Добренъков В.И., Коррупция: современные подходы к исследованию учебное пособие // Добренъков, В. И Исправникова Н. Р. — Москва : Академический Проект, 2020. — 227 с. — ISBN 978-5-8291-3168-5. — Текст : электронный // Лань : электронно-библиотечная система. — URL: <https://e.lanbook.com/book/132752>. Жүгінген күні: 11.04.2022 ж.

12 Майдырова А. Б., Муксимов С. С. Совершенствование процесса оказания государственных услуг в Республике Казахстан: научная монография. - Астана: Акад. гос. упр. при Президенте РК, 2015. - 211 с.

13 Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» № 858 Жарлығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858>. Жүгіну күні: 25.02.2022 ж.

14 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы «Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2011–2015 жылдарға арналған салалық бағдарламаны бекіту туралы» №308 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1100000308>. Жүгіну күні: 25.11.2021 ж.

15 Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан»: Қазақстан халқына Жолдауы. // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070002007>. Жүгінген күні: 26.12.2022 ж.

16 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы «Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» № 561 Қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі.– URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000561>. Жүгінген күні: 09.11.2021 ж.

17 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 3 тамыздағы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 779 Қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000779>. Жүгінген күні: 09.11.2021 ж.

18 Қазақстан Республикасы Президентінің «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық

үшін!» Қазақстан халқына Жолдауы, 2004 жылғы 19 наурыз // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K040002005>. Жүгінген күні: 09.11.2021 ж.

19 Солодов В.В., E-government и борьба с коррупцией // Вестник Московского университета. Серия 21. Управление (государство и общество). 2006. - № 1. - С. 1-16.

20 Изотов М.О., Коррупция в современной России: дисс. на соискание уч. степени к. ф. н. - Орел, 2012. – 192 с. – Инв. № 005044761.

21 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 қарашасындағы «Қазақстан Республикасының «электрондық үкіметті» дамытудың 2008–2010 жылдарға арналған бағдарламасыбекіту туралы» №1155-1 Қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P0700011551>. Жүгінген күні: 15.11.2021 ж.

22 Майдырова А.Б., Муксимов С.С. Совершенствование процесса оказания государственных услуг в Республике Казахстан: научная монография. - Астана: Акад. гос. упр. при Президенте РК, 2015. - 211 с.

23 Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» № 986 Жарлығы. // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000986>. Жүгінген күні: 17.11.2021 ж.

24 Мамытбеков Е., Услуга государственного стандарта // Портал «Zakon. kz». – URL: <http://www.zakon.kz/93345-uslugagosudarstvennogo-standarta.html>. Жүгінген күні: 19.04.2021 ж.

25 Майдырова А.Б., Муксимов С.С., Совершенствование процесса оказания государственных услуг в Республике Казахстан: научная монография. - Астана: Акад. гос. упр. при Президенте РК, 2015. - 211 с.

26 Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан»: Қазақстан халқына Жолдауы. // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070002007>. Жүгінген күні: 26.01.2022 ж.

27 Мамытбеков Е., Услуга государственного стандарта // Портал «Zakon. kz». – URL: <http://www.zakon.kz/93345-usluga-gosudarstvennogo-standarta.html>. Жүгінген күні: 23.04. 2021 ж.

28 Курманбаева А.М., Совершенствование стандартов государственных услуг в Республике Казахстан: дисс. на соискание академической степени магистра. - Астана, 2010. - 108 с.

29 Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» // Қазақстан Республикасы

нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000088>. Жүгінген күні: 03.02. 2021 ж.

30 Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі // «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2020 жылдың ұлттық баяндамасы» Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ресми сайты. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption/activities/1177?lang=kk>. Жүгінген күні: 09.04. 2021 ж.

31 Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі // «2021 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндама» Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ресми сайты. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption/documents/details/283483?lang=kk>. Жүгінген күні: 09.07. 2021 ж.

32 Қазақстан Республикасының Кодексі «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі» 2014 жылғы 4 шілдедегі Кодексі // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>. Жүгінген күні: 09.07. 2021 ж.

33 «Памятка муниципальному служащему» // Журнал «Самоуправление», – URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=17077885>. Жүгінген күні: 09.11. 2021 ж.

34 «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000019982/history>. Жүгінген күні: 09.03. 2022 ж.

35 «Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2021 жылғы 15 сәуірдегі № 129/НҚ бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022566>. Жүгінген күні: 10.03. 2022 ж.

36 Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы тұрмыстық сыбайлас жемқорлық деңгейін анықтауға бағытталған сауалнама // GOOGLE – URL: <https://docs.google.com/forms/d/12xDo79Oe42iFApGNYkSR9KFG618DsaKENyME7FA2G10/edit>.

Қосымша 1


«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының
Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы заңына келесі түсінікті енгізу

Сыбайлас жемқорлық	Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық
жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;	Азаматтармен күнделікті қарым-қатынас жасау барысында жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген немесе қызметтік өкілеттіліктерін орындау кезінде не функционалдық міндеттеріне сәйкес қызмет атқаратын, мемлекеттік немесе квазимемлекеттік сектор қызметкерлерінің аз көлемдегі пара немесе сыйақы алуы.


Қосымша 2

Мемлекеттік қызмет көрсету саласында анықталған тұрмыстық сыбайлас жемқорлық қатерлерді басқару және алдын алудың әрекет етуші тетігі

Қазіргі тетік



Ұсынылып отырған тетік



Осы тетікті сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ішкі және сырты талдауларға пайдалануға болады.

Қосымша 3

Мемлекеттік қызмет көрсетудегі тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетігі



Қосымша 4

Кейс

Мүдделер қақтығысы орын алған жағдайда атқарылуы қажет шаралардың алгоритімін әзірлеп бекіту. Мысалға мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты уәкілеттік берілген азамат өзінің өзінің баласы немесе жақын тусына қатысты шешім шығарғанда мүдделер қақтығысы орын алады. Бұл ретте, шешім қабылдау функциясын басқа жауапты қызметкерге жүктеу практикасын қарастырған жөн.

Атап айтар болсақ, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй кезегіне қою және жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жергілікті атқарушы органдардың консультативті кеңесші органдарының шешімі негізінде қабылданады және комиссия төрағасының шешімі шешуші болады. Ал, қызметті алушы мемлекеттік органға жүгінгенде шешім қабылдаушы қызметкер мүдделер қақтығысына тап болады. Жоғары тұрған басшысына пайда болған мүдделер қақтығысына хабарлаған жағдайда, комиссия мүшелерін ауыстыру нормативтік құқықтық актілерді бекіту рәсімдеу функциялары қайта қосу ұзақ уақыт алуы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңының 1-бабының 5-тармағында **мүдделер қақтығысы** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін.